Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің 2025
жылғы 7 қазандағы № 375-н/қ
бұйрығы

Кәсіптік стандарт: «Мұнай-газ өңдеу және мұнай-газ химиясы өнеркәсібіндегі өндірісті және өткізуді басқару»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: «Мұнай-газ өңдеу және мұнай-газ-химия өнеркәсібінде өндірісті және өткізуді басқару» кәсіптік стандарты мұнай-газ өңдеу және мұнай-газ-химия салаларында қолданылады. Мамандар өндірістік үдерістерді жоспарлаумен, үйлестірумен және бақылаумен, сондай-ақ өнімді сатуды ұйымдастырумен айналысады. Осы ҚС-пен байланысты экономикалық қызмет операциялық үдерістерді басқаруды, өндірісті оңтайландыруды, сондай-ақ маркетинг пен өнімді сату стратегияларын әзірлеуді қамтиды.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) авария – қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың бұзылуы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы;

2) білім – кәсіби тапсырма шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерттелген және игерілген ақпарат;

3) дағды – кәсіби тапсырманы толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды қолдану қабілеті;

4) оқыс оқиға – қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе бүлінуі, технологиялық үдеріс режимінен ауытқу, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу;

5) кәсіптік стандарт – ресми және (немесе) бейресми және (немесе) ақпараттық білім беруді, біліктілік пен құзыреттілік деңгейін, кәсіптік қызметтің нақты саласындағы еңбек құрамын, сапасы мен жағдайларын ескере отырып, білімге, іскерлікке, дағдыларға, жұмыс тәжірибесіне қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

6) білік – кәсіби міндет шеңберінде жеке іс-әрекеттерді физикалық және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

7) мұнай мен газды өңдеу (мұнай-газды өңдеу) – мұнай өнімдерін, ең алдымен, кейіннен химиялық қайта өңдеуге арналған отынның (автомобиль, авиация, қазандық және т. б.) және шикізаттың (метан, этан, пропан, бутан және т. б. фракциялар) әртүрлі түрлерін өндіру үдерісі;

8) өндіріс тиімділігі – бұл тауарларды өндіру мақсатында ресурстарды бөлу және өңдеу бойынша өндіріс қызметінің көрсеткіші. Тиімділікті коэффициент арқылы – шығыс нәтижелерінің кіріс ресурстарына қатынасы немесе өнім шығару көлемі, оның номенклатурасы арқылы өлшеуге болады;

9) өндірісті басқару – бұл меншік нысанына және өндірістік қуаттылыққа қарамастан кез-келген кәсіпорынның үздіксіз және тиімді жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың тұтас жиынтығы;

10) технологиялық үдеріс (ТҮ) – бастапқы деректер пайда болған сәттен бастап қажетті нәтиже алынғанға дейін орындалатын өзара байланысты әрекеттердің реттелген жүйелілігі;

11) технологиялық регламент – бұл белгіленген құжаттарға сәйкес келетін өнімді өндірудің барлық технологиялық тәсімдері мен үдерістері жазылған нормативтік құжат. Бұл белгілі бір өнімді немесе типтік өнімдер тобын әзірлеу мен өндіруге қатысты барлық сипаттамаларды қамтитын техникалық акт.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БА – Біліктілік анықтамалығы;

2) БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

3) КС – Кәсіптік стандарт;

4) ТҮ – Технологиялық үдеріс;

5) ТжКБ – Техникалық және кәсіптік білім;

6) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Мұнай-газ өңдеу және мұнай-газ химиясы өнеркәсібіндегі өндірісті және өткізуді басқару

5. Кәсіптік стандарттың коды: C20110133

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

C Өңдеу өнеркәсібі

20 Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру

20.1 Негізгі химиялық заттарды, тыңайтқыштарды және азот қоспаларын, алғашқы нысандардағы пластмассалар мен синтетикалық каучукты өндіру

20.11 Өнеркәсіптік газды өндіру

20.11.0 Өнеркәсіптік газды өндіру

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Осы кәсіби стандартта өндірісті басқару, сондай-ақ мұнай мен газды қайта өңдеу кезінде техникалық, экологиялық және экономикалық параметрлерді бақылауды жүзеге асыру бойынша жұмыстардың сипаттамасы мен басшылық лауазымдарының еңбек функциялары келтірілген. Өндірісті басқару - бұл сапалы тауарлар (қызметтер) жасау жөніндегі кәсіпорын ұжымының тиімді қызметін қамтамасыз ету.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:
1) Цех мастері (өңдеуші өнеркәсіп) - 5 СБШ-нің деңгейі
2) Операциялық үйлестіруші - 6 СБШ-нің деңгейі
3) Қондырғы бастығы - 6 СБШ-нің деңгейі
4) Бас технолог (өңдеу өнеркәсібі) - 7 СБШ-нің деңгейі
5) Өндіріс бастығы (өңдеуші өнеркәсіп) - 7 СБШ-нің деңгейі
6) Бас инженер (өндіруші өнеркәсіп) - 8 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Цех мастері (өңдеуші өнеркәсіп)»:			
Топтың коды:	1321-0		
Қызмет атауының коды:	1321-0-024		
Кәсіптің атауы:	Цех мастері (өңдеуші өнеркәсіп)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. § 90. Учаске мастері		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы	Біліктілік: Мұнай және газды өңдеу технологиясы қолданбалы бакалавры
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және өндірістегі жұмыс өтілі кемінде 1 жыл немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім және өндірістегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, тиісті мамандық бойынша білімі болмаған жағдайда өндірістегі жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1321-0-023 - Учаске мастері (өңдеу өнеркәсібі)		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Цехтың өндірістік-шаруашылық қызметін және бағыныста персоналды басқару		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Өндірістік цехта жұмыстарды ұйымдастыру және бөлу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Өндірістік цехта жұмыстарды ұйымдастыру және бөлу			

Дағды 1: Өндірістік тапсырмалардың орындалуын үйлестіру және бақылау	Машықтар:
	1. Ұйымның өндірістік-шаруашылық қызметін реттейтін қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өндірістік учаскеге жетекшілік ету. 2. Учаскенің өндіріс көлемі, сапасы, берілген номенклатурасы мен ассортименті бойынша белгіленген мерзімде өндірістік тапсырмаларды орындауын қамтамасыз ету, еңбек өнімділігін арттыру, еңбек сыйымдылығын төмендету, жабдықты ұтымды жүктеу және оның техникалық мүмкіндіктерін пайдалану, жабдықтың ауысымдық коэффициентін арттыру, шикізатты, материалдарды, отынды, энергияны үнемді жұмсау және шығындарды азайту. 3. Өндірісті уақытылы дайындау, жұмысшылар мен бригадаларды орналастыруды қамтамасыз ету, технологиялық процестердің сақталуын бақылау, олардың бұзылу себептерін жедел анықтау және жою. 4. Жаңа технологиялық процестер мен өндіріс режимдерін, сондай-ақ өндірістік кестелерді әзірлеуге және жетілдіруге қатысу. 5. Шығарылатын өнімнің немесе орындалатын жұмыстың сапасын тексеру, брактың алдын алу және сапасын арттыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру. 6. Учаскені жаңарту, технологиялық жабдықтарды жөндеу, өндірістік үдерістерді механикаландыру және автоматтандыру бойынша аяқталған жұмыстарды қабылдауға қатысу. 7. Еңбектің озық әдістері мен тәсілдерін енгізуді, жұмыс орындарын аттестаттауды және ұтымды етуді ұйымдастыру. 8. Жұмысшылардың өндіріс нормаларын орындауын, өндірістік алаңдарды, жабдықтарды, ұйымдастырушылық-техникалық жарақтар мен құралдарды дұрыс пайдалануды, учаскенің біркелкі жұмысын қамтамасыз ету. 9. Бригадалар құрылуын жүзеге асыру, бригадаларға ұтымды қызмет көрсету бойынша іс-шараларды әзірлеу және енгізу, олардың қызметін үйлестіру.
	Білімдер:
	1. Учаскенің өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілер, әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдар. 2. Учаске шығаратын өнімнің техникалық сипаттамалары мен талаптары, оны өндіру технологиясы. 3. Учаскені жабдықтау және оны техникалық пайдалану тәртібі. 4. Учаскенің өндірістік-шаруашылық қызметінің әдістері. 5. Жұмыстардың нормалары мен бағалары, оларды қайта қарау тәртібі. 6. Еңбекақы төлеу және материалдық ынталандыру нысандары туралы қолданыстағы ережелер. 7. Экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері. 8. Өндірісті басқарудағы озық отандық және шетелдік тәжірибе. 9. Ішкі еңбек режимінің тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 2: Цехтың тиімді жұмысын қамтамасыз ету және еңбек өнімділігін арттыру	Машықтар:
		1. Бекітілген өндірістік жоспарлар мен кестелерге сәйкес бригадалар мен жекелеген жұмысшыларға өндірістік тапсырмаларды белгілеу және уақытылы жеткізу, нормативтік көрсеткіштерді айқындау. 2. Жұмысшыларға өндірістік нұсқама беру, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша іс-шаралар өткізу, сақталуын бақылау. 3. Еңбекті ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын енгізуге жәрдемдесу, өндіру нормалары мен бағаларын қайта қарау туралы ұсыныстар енгізу, сондай-ақ жұмыстарды тарифтеуге қатысу. 4. Өндірістік қызметтің нәтижелерін талдау, бастапқы құжаттардың дұрыс және уақытылы ресімделуін қамтамасыз ету. 5. Озық тәжірибені таратуға, бастаманы дамытуға және рационализаторлық ұсыныстар мен өнертабыстарды енгізуге жәрдемдесу. 6. Еңбек шығындарының нормаларын уақытылы қайта қарауды, техникалық негізделген жалақы нормалары мен жүйелерін енгізуді қамтамасыз ету. 7. Өндіріс резервтерін анықтауға қатысу, қолайлы еңбек жағдайларын жасау бойынша іс-шаралар әзірлеу. 8. Еңбек қауіпсіздігі мен тәртіптің сақталуын бақылау. 9. Жұмысшылар мен бригадирлердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.
		Білімдер:
		1. Жұмыстар мен жұмысшыларды тарифтеу тәртібі. 2. Еңбек заңнамасы, ішкі еңбек режимінің тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары. 3. Өндіріс технологиясы, цехтың жабдықтары және оны техникалық пайдалану қағидалары, техникалық-экономикалық және ағымдағы өндірістік жоспарлаудың тәртібі мен әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Күйзеліске тұрақтылық Көшбасшылық (ұйымдастырушылық және басқарушылық) қасиеттер Аналитикалық және жүйелі ойлау Ішінара және толық белгісіздік жағдайында шешім қабылдау мүмкіндігі Қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	ЕАЭО ТР 045/2017 «Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 013/2011 «Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштар мен мазутқа арналған отынға қойылатын талаптар туралы» және оларға өзара байланысты стандарттар. ҚР СТ 1347-2024 «Мұнай. Жалпы техникалық талаптар», МЕМСТ 31378-2009 «Мұнай. Жалпы техникалық талаптар», ҚР СТ 1183-2003 «Автомобиль бензиндері. Жалпы техникалық талаптар», ҚР СТ 2420-2013 «Джет А-1 газ турбиналы қозғалтқыштарына арналған авиациялық отын. Техникалық талаптар», ҚР СТ 1721-2007 «Мотор отыны. Этилдендірілмеген бензин. Техникалық талаптар», ҚР СТ МЕМСТ Р 52368-2009 «Дизель отыны. ЕУРО. Техникалық талаптар», МЕМСТ 305-2013 «Дизель отыны. Техникалық талаптар», МЕМСТ 1012-2013 «Авиациялық бензиндер. Техникалық талаптар», МЕМСТ 10227-86 «Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық талаптар», МЕМСТ 10585-2013 «Мұнай отыны. Мазут. Техникалық талаптар», МЕМСТ 12308-89 «Реактивті қозғалтқыштарға арналған термостабельді Т-6 және Т-8В отындары. Техникалық талаптар» және техникалық талаптарға арналған өзге де стандарттар.	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	8	Бас инженер
	7	Бас технолог
10. Кәсіптің карточкасы «Операциялық үйлестіруші»:		
Топтың коды:	1329-9	

Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Операциялық үйлестіруші		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерия және инженерлік іс	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Технологиялық қондырғылар операторының жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, қондырғы бастығының/қондырғы бастығының орынбасарының жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, негізгі жабдықты күрделі жөндеу және техникалық қызмет көрсету жобаларында кемінде 3 жыл.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	3115-9-011 - Цех механигі		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жабдықты пайдалану және технологиялық регламент нормаларына сәйкес өндірістік тапсырмаларды орындау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз ету	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз ету	Дағды 1: Механикалық жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру	Машықтар:	
		Машықтар: 1.Тапсырмаларды жоспарлау, мерзімдерін басқару, ресурстарды бөлу. 2. Техникалық қызмет көрсету жөніндегі топтар мен пайдалану персоналы арасында байланыс орнату. 3. Жедел, ағымды, қондырғыларды тоқтатуды талап ететін және МӨЗ тоқтатуды талап ететін жұмыстарды қоса алғанда, техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың басымдығын түпкілікті бекіту үшін механикалық жұмыстарды үйлестіру. 4. Өндірістік алаңның қажеттілігіне сәйкес жоспарлануы мүмкін техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды анықтау. 5. Пайдалану жұмыстарын қалыптастыру үшін операциялық персоналмен жұмысты үйлестіру (тоқтату, іске қосу операциялары, жабдықтарды тазалау, катализаторды ауыстыру және т.б.).	

		Білімдер:
		Білімдер: 1. Технологиялық қызмет көрсету мен жөндеуді басқаруға арналған цифрлық платформаның жұмыс істеу қағидаты, жоспарлау қағидаттары (оның ішінде өндірістік). 2. Жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және технологиясы, жоспарлы-алдын ала жөндеу жоспарлары. 3. Жабдықты жөндеуге тапсыру және жөндеуден кейін қабылдау ережесі. 4. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша шығындарды жоспарлау тәртібі мен әдістері. Өнім өндіру технологиясының негіздері. 5. Технологиялық процестердің негізгі жабдығы, оның жұмыс істеу қағидаттары және техникалық пайдалану қағидалары (технологиялық пештер, реакторлар, бағана жабдығы, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар, жылу алмасу жабдығы, сорғы-компрессорлық жабдық, жүк көтергіш механизмдер және т.б.). 6. Қондырғылардың технологиялық регламенттері, авариялларды оқшаулау жоспары, жабдықты пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету жөніндегі өндірістік нұсқаулықтардың талаптары. 7. Мұнай өнімдерінің негізгі физикалық-химиялық қасиеттері және өндіріс (цех) қондырғыларында (учаскелерінде) шығарылатын өнімдерге қойылатын стандарттар. 8. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және газ қауіпсіздігі жөніндегі талаптар, қоршаған ортаны қорғау, өндірістік санитария жөніндегі талаптар. 9. Технологиялық қондырғыларда жөндеуді жоспарлау бойынша құралдар мен әдістемелер. 10. Сенімділікті қамтамасыз ету әдістері. 11. Құжаттармен және жобалармен жұмыс істеуге арналған Microsoft бағдарламалық жасақтамасы. 12. Технологиялық жабдықты жөндеуді жоспарлау әдістері мен құралдары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Қондырғылар мен жабдықтарға уақтылы жөндеу жүргізуді бақылау	Машықтар:
		1. Жобалық құжаттаманы оқу. 2. Операциялардың орындалу жағдайын қадағалау, есептілікті жүргізу, ауытқуларды жою. 3. Техникалық жай-күйін бақылау және жөндеу бойынша қондырғыларда жабдықтарды дайындау сапасын талдау. 4. Жабдықты жоспарлы-алдын алу және күрделі жөндеуге дайындауды қамтамасыз ету. 5. Технологиялық регламентке сәйкес өндірістің (цехтың) жабдықтарын жұмысқа қауіпсіз қосуды және тоқтатуды жүзеге асыру. 6. Тар жерлерді анықтау, процестердің тиімділігін жақсарту бойынша шараларды әзірлеу және ұсыну. 7. Есептерді, хаттамаларды, нұсқаулықтарды, регламенттерді дайындауды жүзеге асыру
		Білімдер:
		Жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және технологиясы, жоспарлы-алдын ала жөндеу жоспарлары. 2. Жабдықты жөндеуге тапсыру және жөндеуден кейін қабылдау ережесі. 3. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша шығындарды жоспарлау тәртібі мен әдістері.

	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Жүйелі ойлау Күйзеліске тұрақтылық Тез шешім қабылдай білу Аналитикалық ойлау Ауызекі сөйлеу дағдылары Жазбаша қарым-қатынас жасау дағдылары Зейінді шоғырландыру және бақылау Көшбасшылық		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	«Азаматтық қорғау туралы» ҚР Заңы, ҚР СТ 3517-2020 «Технологиялық қондырғылар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу тәртібі», ЕАЭО ТР 045/2017 «Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы», «Автомобиль және авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынға және мазутқа қойылатын талаптар туралы» КО ТР 013/2011 және оларға өзара байланысты стандарттар. ҚР СТ 1347-2024 «Мұнай. Жалпы техникалық шарттар», МЕМСТ 31378-2009 «Мұнай. Жалпы техникалық шарттар», ҚР СТ 1183-2003 «Автомобиль бензиндері. Жалпы техникалық талаптар», ҚР СТ 2420-2013 «Газ турбиналы қозғалтқыштарға арналған авиациялық отын Джет А-1. Техникалық шарттар», ҚР СТ 1721-2007 «Моторлы отын. Этилденбеген бензин. Техникалық шарттар», ҚР СТ МЕМСТ Р 52368-2009 «Дизель отыны. ЕУРО. Техникалық шарттар», МЕМСТ 305-2013 «Дизель отыны. Техникалық шарттар», МЕМСТ 1012-2013 «Авиациялық бензиндер. Техникалық шарттар», МЕМСТ 10227-86 «Реактивті қозғалтқыштарға арналған отындар. Техникалық шарттар», МЕМСТ 10585-2013 «Мұнай отыны. Мазут. Техникалық шарттар» МЕМСТ 12308-89 «Реактивті қозғалтқыштарға арналған термотұрақты Т-6 мен Т-8В. Техникалық шарттар» және техникалық шарттардың өзге де стандарттары.		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Өндіріс бастығы	
	7	Цех бастығы	
	7	Бас технолог	
	8	Бас инженер	
11. Кәсіптің карточкасы «Қондырғы бастығы»:			
Топтың коды:	1322-0		
Қызмет атауының коды:	1322-0-069		
Кәсіптің атауы:	Қондырғы бастығы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» № 553 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. § 94. Цехтың (учаскенің) бастығы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және маман лауазымдарында мамандық бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.		

Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді	
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1321-0-048 - Цех бастығы (өңдеу өнеркәсібі)	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Технологиялық жабдықтың жұмысқа жарамдылығын ұстауға және сенімділігін қамтамасыз етуге басшылық жасау және бақылау	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Қондырғының (учаскенің) өндірістік қызметін ұйымдастыру 2. Қондырғының сенімді, үздіксіз және авариясыз жұмысын істеуін қамтамасыз ету және бақылау
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Комиссия құрамында өндірістегі авариялардың, ақаулар мен жазатайым жағдайлардың себептерін тергеу және талдау
Еңбек функциясы 1: Қондырғының (учаскенің) өндірістік қызметін ұйымдастыру	Дағды 1: Сапалы өнім шығаруды қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. Өнім өндірісінің көлемі мен сапасы бойынша өндірістік тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету. 2. Шикізаттың, материалдардың, отынның, реагенттердің, энергияның үнемді жұмсалуын және шығындарды төмендетуді қамтамасыз ету. 3. Технологиялық үдерісті қауіпсіз жүргізу нормаларының сақталуын бақылау, бұзушылықтардың себептерін жедел анықтау және жою. 4. Орнату жұмыстарын ұйымдастыруды және бөлуді жүзеге асыру. 5. Қондырғылардың тиімді жұмысын арттыру үшін өндірістің жаңа техникасы мен технологиясын енгізу жұмыстарын жүргізу. 6. Қондырғының жұмысына техникалық-экономикалық талдау жүргізу. 7. Қосалқы бөлшектердің, материалдардың және т.б. қажетті көлеміне өтінімдер мен негіздемелер жасау. 8. Қондырғының мамандары мен жұмысшыларын сапалы және уақытылы оқытуға, нұсқау беруге және білімін тексеруге бақылау жүргізу. 9. Бағыныстыперсоналдың еңбек және өндірістік тәртіпті, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік, өрт және газ қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету.
		Білімдер:
		1. Технологиялық қондырғыны пайдалану жөніндегі технологиялық сызбалар, регламенттер және басқа да нормативтік құжаттар. 2. ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы. 3. Экономика және еңбекті ұйымдастыру негіздері. 4. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы. 5. Ішкі еңбек режимінің тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Қондырғының сенімді, үздіксіз және авариясыз жұмысын істеуін қамтамасыз ету және бақылау		

	Дағды 1: Қондырғының үздіксіз және авариясыз жұмыс істеуі	Машықтар:
		1. Өндірісті уақытылы дайындауды, қондырғының ұтымды жүктелімін және жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асыру. 2. Технологиялық үдерісті жүргізудің белгіленген режимінің сақталуын бақылау, анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау. 3. Қондырғыны жаңғырту бойынша ұйымдық-техникалық іс-шараларды әзірлеу. 4. Жоспарға сәйкес қондырғылар жұмысының сандық және сапалық көрсеткіштерін белгілеу. 5. Шикізатты, реагенттерді, энергия ресурстарын, қосалқы материалдарды пайдалану нормаларын төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру.
		Білімдер:
		1. Қондырғыны пайдалану мен қызмет көрсетудің негізгі талаптары. 2. Технологиялық жабдықты пайдалануды, қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру жөніндегі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер, әдістемелік материалдар. 3. Өндірістік қуаттар, техникалық сипаттамалар, конструктивтік ерекшеліктер, қондырғының мақсаты мен жұмыс режимдері, оны пайдалану қағидалары. 4. Технологиялық жабдықты пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу кезінде еңбекті ұйымдастырудың негізгі талаптары. 5. Технологиялық жабдыққа қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру жөніндегі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер, әдістемелік материалдар. 6. Жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және технологиялары, технологиялық жабдықты жөндеуге тапсыру және жөндеуден кейін қабылдау ережелері. 7. Технологиялық жабдықты қауіпсіз пайдалануды бақылау және қамтамасыз ету саласындағы озық отандық және шетелдік тәжірибе. 9. Жабдыққа қойылатын техникалық талаптар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Қосымша еңбек функциясы 1: Комиссия құрамында өндірістегі авариялардың, ақаулар мен жазатайым жағдайлардың себептерін тергеу және талдау	Дағды 1: Комиссия құрамында авариялар және оқыс оқиғаларды тергеп тексеру	Машықтар:
		1. Ұйымдағы авариялар мен оқыс оқиғаларды тергеп тексеру нәтижелері бойынша әзірленген іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру. 2. Авариялар мен ақаулықтардың алдын алу бойынша іс-шараларды жоспарлау. 3. Авариялар мен оқыс оқиғалардың, олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеудің себептеріне талдау жүргізу.
		Білімдер:
		1. Қазақстан Республикасының заңнамалық, нормативтік құқықтық актілері, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормалар мен қағидалар. 2. ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңы. 3. Өндіріс технологиясының негіздері. 4. Қондырғылардың техникалық сипаттамалары, құрылымдық ерекшеліктері, типтік ақаулары мен кемшіліктері, мақсаты, жұмыс режимдері және пайдалану қағидалары. 5. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы. 6. Өндірістің және ұйымның өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты ұйымдық-өкімдік құжаттар, нормативтік және әдістемелік материалдар.

	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Көшбасшылық (ұйымдастырушылық және басқарушылық) қасиеттер Аналитикалық және жүйелік ойлау Стресске төзімділік Ішінара және толық белгісіздік жағдайында шешім қабылдау мүмкіндігі Қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	ЕАЭО ТР 045/2017 «Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 013/2011 «Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштар мен мазутқа арналған отынға қойылатын талаптар туралы» және оларға өзара байланысты стандарттар. ҚР СТ 1347-2024 «Мұнай. Жалпы техникалық талаптар», МЕМСТ 31378-2009 «Мұнай. Жалпы техникалық талаптар», ҚР СТ 1183-2003 «Автомобиль бензиндері. Жалпы техникалық талаптар», ҚР СТ 2420-2013 «Джет А-1 газ турбиналы қозғалтқыштарына арналған авиациялық отын. Техникалық талаптар», ҚР СТ 1721-2007 «Мотор отыны. Этилдендірілмеген бензин. Техникалық талаптар», ҚР СТ МЕМСТ Р 52368-2009 «Дизель отыны. ЕУРО. Техникалық талаптар», МЕМСТ 305-2013 «Дизель отыны. Техникалық талаптар», МЕМСТ 1012-2013 «Авиациялық бензиндер. Техникалық талаптар», МЕМСТ 10227-86 «Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық талаптар», МЕМСТ 10585-2013 «Мұнай отыны. Мазут. Техникалық талаптар», МЕМСТ 12308-89 «Реактивті қозғалтқыштарға арналған термостабельді Т-6 және Т-8В отындары. Техникалық талаптар» және техникалық талаптарға арналған өзге де стандарттар.		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Бас инженер	
	7	Өндіріс бастығы	
	12. Кәсіптің карточкасы «Бас технолог (өңдеу өнеркәсібі)»:		
Топтың коды:	1321-0		
Қызмет атауының коды:	1321-0-014		
Кәсіптің атауы:	Бас технолог (өңдеу өнеркәсібі)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. § 19. Бас технолог		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерия және инженерлік іс	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және ұйымның экономикалық қызметінің тиісті бейініндегі лауазымдарда мамандық бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2141-1-005 - Инженер-технолог (жалпы бейін)		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Өндірістің технологиялық үдерісінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуді бақылау.		
	Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Технологиялық үдерісті жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру және бақылау 2. Өндірілетін өнімнің сапасын басқару	
	Қосымша еңбек функциялары:		

Еңбек функциясы 1: Технологиялық үдерісті жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру және бақылау	Дағды 1: Технологиялық үдерістің жұмысын үйлестіру	Машықтар:
		1. Өндірістік қызмет мәселелерінде құрылымдық бөлімшелердің іс-қимылын үйлестіру және өндірістік бағдарламаның орындалуын бақылау. 2. Номенклатура бойынша және өндірістің нормативтік-техникалық құжаттамасына сәйкес өндірістік тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету. 3. Өндіріс жоспарларының бірқалыпты орындалуын қамтамасыз ету, өндіріс үдерісі барысындағы бұзылушылықтардың алдын алу және жою бойынша шаралар қабылдау. 4. Технологиялық сызба өзгерген жағдайда өндірістің материалдық ағындарын бақылау және түзету. 5. Технологиялық жабдықтың неғұрлым ұтымды жұмыс режимдерін белгілеу, жабдықтар мен өндірістік алаңдарды неғұрлым толық және біркелкі жүктеу, сондай-ақ өнімді дайындау кезеңін қысқарту үшін өндіріс резервтерін анықтау. 6. Өндірістегі төтенше жағдайларды болдырмау және жою бойынша жедел шаралар қабылдау. 7. Технологиялық режим нормаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру.
		Білімдер:
		1. ҚР Еңбек кодексі. 2. ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңы. 3. ҚР Үкіметінің Техникалық реттеу, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік саласындағы нормативтік-құқықтық актілері, қаулылары мен шешімдері. 4. Кәсіпорында әзірленген ішкі құжаттар. 5. Еңбек тәртібі қағидалары, "Кәсіпорын объектілеріндегі өткізу және объектішілік тәртіптер туралы" ереже, ЕШ талаптары, ұжымдық шарт және жұмыс берушінің басқа да актілері. 6. Өндіріс департаменті туралы ереже. 7. Өнім өндіру технологиясы. 8. Жобалау жүйелері мен әдістері, салада және кәсіпорында өндірісті технологиялық дайындауды ұйымдастыру. 9. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрттен қорғау қағидалары мен нормалары. 10. Ішкі еңбек режимінің тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Өндірілетін өнімнің сапасын басқару	Дағды 1: Шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту, жетілдіру және жаңарту жұмыстарын ұйымдастыру	Машықтар:
		1. Өндіріске зертханалық бақылаудың жаңа әдістерін әзірлеу және енгізу, сондай-ақ шығарылатын өнімнің сапасын бақылаудың қолданыстағы әдістерін жетілдіру бойынша жұмысқа жетекшілік ету. 2. Өнімнің жаңа және модификацияланған үлгілерін әзірлеу және сынау жұмысын басқару. 3. Брактың және сапасы төмен өнім шығарудың себептеріне талдау жүргізу, оның алдын алу бойынша іс-шаралар әзірлеу.
		Білімдер:
		1. Ұйымның сапа саласындағы саясаты. 2. Талдаулар, сынақтар және басқа да зерттеу түрлерін жүргізу әдістері. 3. Мұнай мен газды өңдеу жөніндегі стандарттар, техникалық талаптар, әдістемелер мен нұсқаулықтар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жүйелі ойлау Күйзеліске тұрақтылық Аналитикалық ойлау Көшбасшылық Ішінара және толық белгісіздік жағдайында шешім қабылдау білуі Қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік арту		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	ЕАЭО ТР 045/2017 "Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы", КО ТР 013/2011 "Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштар мен мазутқа арналған отынға қойылатын талаптар туралы" және оларға өзара байланысты стандарттар. ҚР СТ 1347-2024 "Мұнай. Жалпы техникалық талаптар", МЕМСТ 31378-2009 "Мұнай. Жалпы техникалық талаптар", ҚР СТ 1183-2003 "Автомобиль бензиндері. Жалпы техникалық талаптар", ҚР СТ 2420-2013 "Джет А-1 газ турбиналы қозғалтқыштарына арналған авиациялық отын. Техникалық талаптар", ҚР СТ 1721-2007 "Мотор отыны. Этилдендірілмеген бензин. Техникалық талаптар", ҚР СТ МЕМСТ Р 52368-2009 "Дизель отыны. ЕУРО. Техникалық талаптар", МЕМСТ 305-2013 "Дизель отыны. Техникалық талаптар", МЕМСТ 1012-2013 "Авиациялық бензиндер. Техникалық талаптар", МЕМСТ 10227-86 "Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық талаптар", МЕМСТ 10585-2013 "Мұнай отыны. Мазут. Техникалық талаптар", МЕМСТ 12308-89 "Реактивті қозғалтқыштарға арналған термостабельді Т-6 және Т-8В отындары. Техникалық талаптар" және техникалық талаптарға арналған өзге де стандарттар.		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	8	Бас инженер	
13. Кәсіптің карточкасы «Өндіріс бастығы (өңдеуші өнеркәсіп)»:			
Топтың коды:	1321-0		
Қызмет атауының коды:	1321-0-037		
Кәсіптің атауы:	Өндіріс бастығы (өңдеуші өнеркәсіп)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» № 553 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. § 94. Цехтың (учаскенің) бастығы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: -	Мамандық: -	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және маман лауазымдарында мамандық бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1321-0-045 - Учаске бастығы (өңдеу өнеркәсібі) 1321-0-048 - Цех бастығы (өңдеу өнеркәсібі)		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Технологиялық бөлімшенің өндірістік-шаруашылық қызметіне және бағыныста персоналға басшылық жасау, технологиялық регламент нормаларына сәйкес өндірістік тапсырмаларды орындау және жабдықты пайдалану		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Өндірістің технологиялық жабдығының авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету 2. Өнімнің бірқалыпты/үздіксіз шығарылуын қамтамасыз ету
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Комиссия құрамында өндірістегі авариялардың, оқыс оқиғалардың және жазатайым жағдайлардың себептерін тергеп тексеру және талдау
Еңбек функциясы 1: Өндірістің технологиялық жабдығының авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Дағды 1: Технологиялық үдерісті жүргізу кезінде технологиялық регламент талаптарының орындалуын бақылау	Машықтар:
		1. Бағынышты персоналдың әрекеттерін үйлестіру. 2. Өндірістік бағдарламаның белгіленген мерзімде орындалуын, өндірістің авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету. 3. Технологиялық параметрлердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру. 4. Жабдықты техникалық пайдалану қағидаларының жол берілген бұзушылықтарының есебін және талдауын жүргізу. 5. Технологиялық үдерісті жетілдіруге, авариялар мен ақаулардың алдын алуға, жабдықты пайдаланудың жөндеуаралық мерзімін ұлғайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға, еңбек жағдайларын жақсартуға / есепті кезеңдегі өндіріс / цех қызметінің нәтижелерін талдауға бағытталған іс-шараларды әзірлеу мақсатында қондырғылар (учаскелер) бойынша есепті кезеңдегі өндіріс (цех) қызметінің нәтижелеріне талдау жүргізу.
		Білімдер:
		1. Өнім өндіру технологиясының негіздері. 2. Технологиялық үдерістердің негізгі жабдықтары, оның жұмыс қағидаттары және техникалық пайдалану қағидалары. 3. Заманауи ақпараттық (компьютерлік) технологиялар, коммуникация және байланыс құралдары. 4. Қондырғылардың технологиялық регламенттері, авариялар оқшаулау жоспары, жабдықты пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі өндірістік нұсқаулықтардың талаптары. 5. Мұнай-газ өнімдерінің негізгі физика-химиялық қасиеттері және өндіріс (цех) қондырғыларында (учаскелерінде) шығарылатын өнімге қойылатын стандарттар. 6. Ішкі еңбек режимінің тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Қондырғылар мен жабдықтардың уақытылы жөнделуін бақылау	Машықтар:
		1. Жобалау құжаттамасын оқу. 2. Физикалық тозған немесе моральдық тұрғыдан ескірген жабдықты сатып алуға бизнес-жоспар құру кезінде шығыстардың негіздемесін келтіру, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормалар мен қағидаларды қамтамасыз ету, реагенттерді, шикізатты және т. б. шығындау нормаларын өзгерту. 3. Жабдықтың жоспарлы-алдын алу және күрделі жөндеуге дайындығын бақылауды жүзеге асыру. 4. Технологиялық регламентке сәйкес өндірістің (цехтың) жабдықтарын қауіпсіз іске қосуды және тоқтатуды жүзеге асыру.

		Білімдер:
		1. Технологиялық үдерістердің негізгі жабдықтары, оның жұмыс қағидаттары және техникалық пайдалану ережелері. 2. Жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және оның технологиясы, жоспарлы-алдын алу жөндеу жоспарлары. 3. Жабдықты жөндеуге тапсыру және жөндеуден кейін қабылдау қағидалары. 4. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығындарын жоспарлау тәртібі мен әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Өнімнің бірқалыпты/үздіксіз шығарылуын қамтамасыз ету	Дағды 1: Технологиялық үдеріс барысындағы бұзушылықтардың алдын алу және жою	Машықтар:
		1. Технологиялық регламентке сәйкес технологиялық үдеріске (режимге) қажетті түзетулер енгізу. 2. Өндірістің (цехтың) шикізаты мен өнімін бақылау. 3. Брактардың және сапасы төмен өнімді шығарудың себептерін талдау, оның алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеу. 4. Қондырғыларда (учаскелерде) технологиялық жабдықты қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыру.
		Білімдер:
		1. Технологиялық үдерістің режимдерін жүргізу және бақылау жүйелері мен әдістері. 2. Өнімді өндіру технологиясы, қондырғылардың (учаскелердің) технологиялық регламенттеріне сәйкес технологиялық режимді жүргізу қағидалары мен ерекшеліктері. 3. Қондырғылардың (учаскелердің) жабдықтарын пайдалану қағидалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Белгіленген мерзімде техникалық-экономикалық көрсеткіштер бойынша өндірістік жоспарлар мен тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. Өндіріс жоспарының орындалуын ұйымдастыру мен бақылауды және қондырғыларда (учаскелерде) шикізат пен реагенттерді шығындау нормаларын сақтауды жүзеге асыру. 2. Қондырғылардың (учаскелердің) қызметін ағымдағы (жылдық, айлық, тәуліктік) өндірістік жоспарлауды жүзеге асыру. 3. Өндірістік бағдарламаны жүзеге асыру бойынша техникалық құжаттама мен ұсыныстар әзірлеу. 4. Кәсіпорын өндірістерін (цехтарын) қажетті шикізатпен, мұнай мен газ өңдеу өнімдерімен, отын-энергетикалық ресурстармен үздіксіз қамтамасыз етуді ұйымдастыру. 5. Өндірістің жаңа техникасы мен технологиясын енгізу, жаңғырту негізінде өндірістің тиімділігін арттыру. 6. Сапасы төмен өнімді шығару себептеріне талдау жүргізу, оның алдын алу бойынша іс-шаралар әзірлеу.
		Білімдер:
		1. Экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері. 2. Техникалық-экономикалық және ағымдағы өндірістік жоспарлаудың тәртібі мен әдістері. 3. Ұқсас өнімді өндіру саласындағы отандық және шетелдік озық тәжірибе. 4. Бөлімшенің өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 3: Авариялық жағдайлар кезінде бөлімшенің уақытылы және дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. Авариялар жою жоспарына сәйкес әрекет ете отырып, персоналға, соның ішінде авариялық жағдайлар туындаған кезде басшылықты жүзеге асыру. 2. Бағынысты жұмыскерлердің еңбек және өндірістік тәртіпті, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерін, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету. 3. Авариялар жою жоспары (АЖЖ) бойынша өндірістік персоналмен оқу-жаттығу іс-шараларын өткізуді бақылауды жүзеге асыру. 4. Жеке қорғану құралдарын, алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалану. 5. Жұмыс орындарының жай-күйіне, машиналардың, жабдықтардың, айлабұйымдар мен құралдардың жарамдылығына, қорғау құралдарының, сақтандыру құрылғыларының бар болуын және жарамды жай-күйін қамтамасыз етуге тұрақты тексеру жүргізу.
		Білімдер:
		1. Технологиялық бөлімшенің жұмысы бойынша стандарттар, техникалық талаптар және басқа да басшылық материалдар. 2. Авариялар жою жоспарлары. 3. Технологиялық регламенттер, қондырғылар (учаскелер), жекелеген жабдықтарды, технологиялық қондырғыларды іске қосу (тоқтату) қағидалары мен ерекшеліктері. 4. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттары, төмендегілерге қатысты нормативтік және әдістемелік материалдар: біліктілікті арттыру, жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне оқыту, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары талаптарының білуін тексеру.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Қосымша еңбек функциясы 1: Комиссия құрамында өндірістегі авариялардың, оқыс оқиғалардың және жазатайым жағдайлардың себептерін тергеп тексеру және талдау	Дағды 1: Комиссия құрамында авариялар және оқыс оқиғаларды тергеп тексеру	Машықтар:
		1. Авариялар, оқыс оқиғаларды және жазатайым жағдайларды тергеу бойынша актілер мен өзге де құжаттарды жасау. 2. Тергеу нәтижелері бойынша әзірленген іс-шаралардың орындалуын бақылау. 3. Авариялар мен оқыс оқиғаларды сәйкестендіру, сондай-ақ деректердің тиісті есебін қамтамасыз ету. 4. Бағынысты персоналға өндірістік нұсқама беру. 5. Бағынысты персоналдың еңбек және өндірістік тәртіпті, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт және газ қауіпсіздігі қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету.
		Білімдер:
		1. ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы. 2. ҚР Еңбек заңнамасы. 3. Өндіріс технологиясының негіздері. 4. Жабдықты пайдалану ерекшеліктері. 5. Қондырғылардың техникалық сипаттамалары, құрылымдық ерекшеліктері, типтік ақаулары мен ақаулары, мақсаты, жұмыс режимдері және пайдалану қағидалары. 6. Экологиялық қауіпсіздікке жататын нормалар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Күйзеліске тұрақтылық Көшбасшылық (ұйымдастырушылық және басқарушылық) қасиеттер Аналитикалық және жүйелік ойлау Ішінара және толық белгісіздік жағдайында шешім қабылдау мүмкіндігі Қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	ЕАЭО ТР 045/2017 «Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 013/2011 «Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштар мен мазутқа арналған отынға қойылатын талаптар туралы» және оларға өзара байланысты стандарттар. ҚР СТ 1347-2024 «Мұнай. Жалпы техникалық талаптар», МЕМСТ 31378-2009 «Мұнай. Жалпы техникалық талаптар», ҚР СТ 1183-2003 «Автомобиль бензиндері. Жалпы техникалық талаптар», ҚР СТ 2420-2013 «Джет А-1 газ турбиналы қозғалтқыштарына арналған авиациялық отын. Техникалық талаптар», ҚР СТ 1721-2007 «Мотор отыны. Этилдендірілмеген бензин. Техникалық талаптар», ҚР СТ МЕМСТ Р 52368-2009 «Дизель отыны. ЕУРО. Техникалық талаптар», МЕМСТ 305-2013 «Дизель отыны. Техникалық талаптар», МЕМСТ 1012-2013 «Авиациялық бензиндер. Техникалық талаптар», МЕМСТ 10227-86 «Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық талаптар», МЕМСТ 10585-2013 «Мұнай отыны. Мазут. Техникалық талаптар», МЕМСТ 12308-89 «Реактивті қозғалтқыштарға арналған термостабельді Т-6 және Т-8В отындары. Техникалық талаптар» және техникалық талаптарға арналған өзге де стандарттар.		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Бас инженер	
	7	Бас технолог	
14. Кәсіптің карточкасы «Бас инженер (өндіруші өнеркәсіп)»:			
Топтың коды:	1329-1		
Қызмет атауының коды:	1329-1-002		
Кәсіптің атауы:	Бас инженер (өндіруші өнеркәсіп)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	8		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. Бас инженер		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (PhD докторантура, PhD дәрежесі, осы саладағы PhD дәрежесі, ғылым кандидаты, ғылым докторы)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Ұйымның тиісті бейінінде экономикалық қызмет түріндегі мамандық бойынша кемінде 10 жыл жұмыс тәжірибесі, оның ішінде өндіріс бағыты бойынша басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1321-0-016 - Өндіріс жөніндегі директор (өңдеу өнеркәсібі)		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Өндірістік қызметті қауіпсіз, тиімді әрі тұрақты іске асыру және ұйымның стратегиялық көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда, ұйымның өндірістік операцияларын стратегиялық және операциялық басқару		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Өндірісті стратегиялық басқару 2. Өндірістік объектілерді пайдалануға басшылық жасау 3. Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету 4. Қауіпсіздік, тәуекелдерді басқару және өндірістік процестердің аудиті
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Өндірістік қызметтің логистикалық операцияларын басқару
Еңбек функциясы 1: Өндірісті стратегиялық басқару	Дағды 1: Өндірістік даму стратегиясын жоспарлау және іске асыру	Машықтар:
		1. Саланың даму тенденцияларын және ұйымның технологиялық мүмкіндіктерін талдау; 2. Ұйымның корпоративтік мақсаттарына сәйкес өндірістік дамудың ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу және өндірістік дамудың стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын негіздеу, сондай-ақ өндірістік даму стратегиясының іске асырылуын қамтамасыз ету; 3. Өндірістік бағдарламаларды әзірлеуді қамтамасыз ету, деректерді талдау негізінде өндірістік бағдарлама тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтау және олардың орындалуын бақылау; 4. Стратегиялық бастамалар мен процестік инновацияларды әзірлеуге бастамашылық ету және үйлестіру; 5. Аса белгісіздік жағдайында стратегиялық басқару шешімдерін қабылдау және стратегиялық шешімдердің қауіпсіздік, экология, корпоративтік басқару талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету; 6. Өндірістік стратегия шеңберінде жобалар портфелін басқару және жобалық шешімдердің тиімділігін, өндірісті уақтылы әрі сапалы дайындауды, техникалық пайдалануды, жабдықты күрделі жөндеуді және жаңғыртуды қамтамасыз ету; 7. Жаңа техника мен технологияларды енгізу жоспарларын, ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді және орындауды ұйымдастыру; 8. Қажетті нормативтік-техникалық құжаттаманың уақтылы әзірленуін қамтамасыз ету; 9. Өндірістік бизнес-процестердегі өзгерістерді басқару.
		Білімдер:
		1. ҚР жер қойнауын пайдалану, экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасы; 2. Перспективалар, бизнес стратегиясы, ұйымның техникалық және экономикалық дамуының басымдықтары, оның өндірістік қуаттары; 3. Мұнай-газ өнеркәсібіндегі озық әрі халықаралық тәжірибе; 4. Мұнай-газ өндіру және қайта өңдеу технологиясы бойынша нормативтік талаптар; 5. Мұнай-газ өнеркәсібіндегі экономика негіздері, өндірісті ұйымдастыру және басқару; 6. Стратегиялық жоспарлау және бизнесті қамтамасыз ету негіздері; 7. Өндірістік жүйелерді трансформациялаудың заманауи модельдері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 2: Ресурстарды басқару және өндірістік шығындарды бюджеттік жоспарлау	Машықтар:
		1. Еңбек ресурстарына, жабдыққа, тауарлық-материалдық құндылықтарға және т.б. қажеттіліктерді ұзақ мерзімді жоспарлауды және оларды уақтылы әрі сапалы қамтамасыз етуді, сондай-ақ технологиялық операцияларды іске асыру бойынша өндірістік қызметтер көрсететін мердігер ұйымдардың ресурстарына қажеттіліктерді ұйымдастыру; 2. Өндірістік бюджетті жоспарлауды қамтамасыз ету, шығындарды негіздеу және бекітілген бюджетке сәйкес қаржы қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылау; 3. Жоспарлардан ауытқу негізінде түзетулер енгізуге бастамашылық ету.
		Білімдер:
		1. Жоспарлау және бюджеттеу, экономика және еңбекті ұйымдастыру және қаржылық бақылау негіздері; 2. Шығындарды жоспарлау жөніндегі ұйымның ішкі регламенттері; 3. Жобалық басқару, тәуекелдерді басқару және өзгерістерді басқару негіздері; 4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар мен нормалар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Өндірістік объектілерді пайдалануға басшылық жасау	Дағды 1: Өндірістік объектілердің қызметін ұйымдастыру	Машықтар:
		1. Негізгі өндірістік процестерді ұйымдастыру және олардың тиімділігін қамтамасыз ету; 2. Өндірістік объектілерді қауіпсіз әрі үздіксіз пайдалануды ұйымдастыру; 3. Өндірістік объектілердің пайдалану дайындығын қамтамасыз ету; 4. Объектілерді пайдалануға беруді, тоқтатуды, консервациялауды және пайдаланудан шығаруды үйлестіру; 5. Өндіру, шығындар және инвестициялар жөніндегі өндірістік бағдарламаның іске асырылуын бақылау; 6. Түйінді өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз ету; 7. Тиісті құрылымдық бөлімшелердің өндірістік қызметіне басшылықты жүзеге асыру және оның тиімділігін қамтамасыз ету, әкімшілік мәселелерді шешу, олардың жұмыс нәтижелерін, еңбек және өндірістік тәртіптің жай-күйін бақылау; 8. Өндірістік бөлімшелер персоналын оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруды қамтамасыз ету; 9. Жеткізу пунктіне дейін дайын өнімді жеткізуді жоспарлау мен бақылауды қамтамасыз ету; 10. Есеп беретін өндірістік бөлімшелердің мақсаттары мен басымдықтарын қалыптастыру және корпоративтік стратегияның сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, өндірістік KPI-ге қол жеткізуді бақылау; 11. Ұйым ішіндегі ортақ мақсаттарды іске асыру үшін функционаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, сондай-ақ мүдделер қақтығысын шешу және ұйым бөлімшелерінің басымдықтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету; 12. Ұйымда ішкі өзара іс-қимылдар кезінде өндірістік функцияны ұсыну; 13. Есеп беретін бөлімшелердің басқарушылық және ішкі есептілігін жүргізуді қамтамасыз ету.

	Білімдер:
	1. Ұйымның өндірісті басқару және техникалық сәйкестік саласындағы саясаты; 2. Жобалық басқару әдіснамасы; 3. Техникалық қауіпті объектілерді пайдалануға және оларға қызмет көрсетуге қойылатын талаптар; 4.ҚР жер қойнауын пайдалану, экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасы; 5. Ұйымның техникалық және экономикалық дамуының перспективалары, бизнес стратегиясы, басымдықтары, оның өндірістік қуаттары; 6. Мұнай-газ өнеркәсібіндегі озық және халықаралық тәжірибе; 7. Мұнай мен газды өндіру және қайта өңдеу технологиясы бойынша нормативтік талаптар; 8. Мұнай-газ өнеркәсібіндегі экономика негіздері, еңбекті ұйымдастыру, өндіріс және басқару; 9. Жұмыстар мен қызметтерді орындауды жоспарлау, жобалау және қаржыландыру тәртібі.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Дағды 2: Операциялық тиімділікті арттыру және өндірістік процестерді оңтайландыру	Машықтар:
	1. Өндірістік көрсеткіштерді талдау (тиімділік, тоқтап қалу, шығындар); 2. Өндірісте жаңа технологияларды енгізу үшін жағдайларды зерделеу, дамыту және жасау, жаңа техника мен технологияларды енгізу жоспарларын, ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жоспарларын іске асыруды қамтамасыз ету; 3. Өндірісті оңтайландыруды, өндіріс тиімділігі мен еңбек өнімділігін арттыруды, шығындарды (материалдық, қаржылық, еңбек) қысқартуды қамтамасыз ету, өндірістік ресурстарды ұтымды пайдалануды, жабдықтар мен қондырғыларды мақсатты пайдалануды, жүргізілетін жұмыстар мен қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз ету.
	Білімдер:
	1. Жобалық менеджмент; 2. Өзгерістерді басқару әдістемесі; 3. Қауіпсіздік және технологиялар, сапа, экология, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы халықаралық стандарттар; 4. Жер қойнауын пайдалану туралы заңнама; 5. Қоршаған ортаны қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы заңнама; 6. Өндірістік процестердің технологиялары; 7. Объектілердің техникалық дайындығын бағалау өлшемшарттары; 8. Өндіріс тиімділігін бағалау әдістері.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 3: Келісімшартты басқару және мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл	Машықтар:
		1. Мердігерлік ұйымдар көрсететін қызметтерге, жабдықтарға және өзге де тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге қажеттіліктерді сапалы жоспарлауды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды уақтылы қамтамасыз ету; 2. Өндірістік объектілерді пайдалану және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі келісімшарттарды басқару процестерін ұйымдастыруды қамтамасыз ету; 3. Мердігердің шарт шеңберінде қабылданған міндеттемелерді орындауын бақылауды және мониторингті қамтамасыз ету; 4. Мерзімдер мен бюджеттердің сақталуын бақылауды ұйымдастыру; 5. Мердігерлік ұйымдардың жұмыс сапасының стандарттарға сәйкестігіне тұрақты тексерулер ұйымдастыру.
		Білімдер:
		1. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу саласындағы заңнаманың негіздері; 2. Ұйымның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу саласындағы ішкі нормативтік құжаттары; 3. Келіссөздер жүргізу, кері байланыс беру техникасы; 4. Стейкхолдер менеджментінің негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 4: Мемлекеттік органдармен, жергілікті қоғамдастықтармен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл (қызмет бағыты бойынша)	Машықтар:
		1. Негізгі сыртқы және ішкі мүдделі тараптармен (стейхолдерлермен) тиімді байланыс орнату; 2. Мемлекеттік органдарда, директорлар кеңесінде, аудиторлық ұйымдарда өндірістік функцияны ұсыну.
		Білімдер:
		1. Мемлекеттік органдармен, халықпен және БАҚ-пен өзара іс-қимыл тетіктері; 2. GR (Government Relations) және қоғамдық сериктестік негіздері; 3. Стейкхолдер менеджмент негіздері (Stakeholder Management); 4. Ұйымның іскерлік этика кодексі; 5. Қақтығыстарды басқару әдістері, медиация рәсімдері мен құралдары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 3: Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету		

	Дағды 1: Өндіріске техникалық қызмет көрсетуді басқару	Машықтар:
		1. Жұмыстарды қауіпсіз әрі тиімді орындау үшін өндірістік операцияларды инженерлік-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру; 2. Өндірістік объектілердің инженерлік тұтастығын, техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 3. Жабдықтың пайдалануға дайындығы мен сенімділігін қамтамасыз ету; 4. Өндірістік жабдықтың өмірлік циклін мониторингілеуді қамтамасыз ету; 5. Өндірістің техникалық дайындығының қажетті деңгейін қамтамасыз ету; 6. Тәуекелдерді басқару және сенімділік қағидаттарын енгізуді бақылау, тәуекелдерді басқару және жабдықтың тұтастығын қамтамасыз ету; 7. Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бойынша ішкі реттеуші құжаттарды әзірлеуді және өзектендіруді қамтамасыз ету және олардың сақталуын бақылау; 8. Активтердің тұтастығы, сенімділігі, шығындары және сапасы тұрғысынан техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың тиімділігін арттыру; 9. Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету саласында KPI әзірлеуді, іске асыруды және мониторингті қамтамасыз ету және инженерлік-техникалық қамтамасыз етудің тиімділігін басқару; 10. Техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу және жоспардан тыс жөндеу жоспарларын әзірлеп, іске асыруды қамтамасыз ету; 11. Техникалық қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру үшін инновациялық шешімдер мен технологияларды енгізу; 12. Техникалық қызмет көрсету келісімшарттарын басқару.
		Білімдер:
		1. Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету саласындағы ҚР нормативтік талаптары; 2. Ұйымның инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі ішкі саясаты; 3. Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі қағидалар; 4. Жобаларды басқару негіздері; 5. Өзгерістерді басқару негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Күрделі жөндеуді басқару	Машықтар:
		1. Күрделі жөндеу бойынша ұзақ мерзімді талаптарды анықтау; 2. Жаңарту, жаңғырту және пайдаланудан шығару стратегияларын қалыптастыру және іске асыру; 3. Күрделі жөндеу стратегиясын іске асыруды басқару; 4. Күрделі жөндеу жөніндегі жоспарды әзірлеп, іске асыруды қамтамасыз ету; 5. Күрделі жөндеу жұмыстарына бюджетті басқару; 6. Жобаның мақсаттарына, мұнай кен орындары үшін озық тәжірибеге, ұйым стандарттарына, нормативтік құқықтық актілерге сәйкес күрделі жөндеу бағдарламаларын, кесте мен сметаны әзірлеуді қамтамасыз ету; 7. Шығындарды оңтайландыру бастамаларды енгізу.

		Білімдер:
		1. Активтерді басқару қағидаттары (Asset Management) 2. Өмірлік цикл мен қалдық ресурстарды бағалау әдістері; 3. Сенімділік және операциялық дайындық стандарттары; 4. Мұнай-газ секторындағы жабдықтарды пайдалану регламенттері; 5. Жабдыққа арналған нормативтік-техникалық құжаттама ұйым стандарттары және жергілікті нормативтік-құқықтық актілер
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 3: Техникалық өзгерістер мен жаңғыртуды басқару	Машықтар:
		1. Технологиялық трендтерді талдау және жабдықты жаңғырту саласындағы жаңа шешімдердің техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу; 2. Қауіпсіздік пен ресурс үнемдеуге назар аудара отырып, реконструкциялау және жаңғырту жөніндегі іс-шараларды әзірлеп, іске асыру; 3. Жабдықты автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізуді және пайдалануды қамтамасыз ету; 4. Пилоттық жобаларға бастамашылық ету және табысты бастамаларды тарату; 5. Технологиялардың трансферін (өтуін) және халықаралық тәжірибені бейімдеуді қамтамасыз ету .
		Білімдер:
		1. Технологиялық және инновациялық аудит әдістемелері; 2. Мұнай-газ саласындағы цифрлық шешімдер және автоматтандыру; 3. Саланы техникалық трансформациялаудағы әлемдік тәжірибе мен трендтер; 4. Инновациялық менеджмент; 5. Жобалық менеджмент; 6. Өзгерістерді басқару.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 4: Қауіпсіздік, тәуекелдерді басқару және өндірістік процестердің аудиті	Дағды 1: Қауіпсіздік мәдениетін дамыту	Машықтар:
		1. Өндірістік процестерді өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экологияны, қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес іске асыруды қамтамасыз ету; 2. Экологиялық жағынан қауіпсіз технологияларды енгізуге және шығарындылар мен қалдықтарды бақылауға ықпал ету; 3. Есеп беретін бөлімшелердегі жұмыс орындарында қауіпсіздік бойынша тәуекелдер мен ұсыныстар (жедел желі, мобильді қосымшалар, жасырын нысандар және т.б.) туралы хабарлау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; 4. Қауіпсіздік мәдениетін жақсарту бойынша басшылықпен және қызметкерлермен ашық талқылауды қамтамасыз ету, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша жақсартулардың рөлдік моделі және жолсерігі болу, сондай-ақ есеп беретін бөлімшелерде қауіпсіздік мәдениетін үздіксіз дамытуға жәрдемдесу.

		Білімдер:
		1. Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі; 2. Мінез-құлық қауіпсіздігі және қауіпсіздік мәдениетін басқару қағидаттары; 3. Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын зерттеу әдістері; 4. Жабдықтың техникалық жай-күйінің жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптарына сәйкестігін бақылау қағидалары мен құралдары; 5. Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормалар; 6. Қызмет көрсету сервистері, кадрлық және ақпараттық қауіпсіздік; 7. Кері байланыс беру түрлері/әдістері; 8. Еңбек заңнамасының негіздері; 9. Қақтығыстарды басқару әдістері, медиация рәсімдері мен құралдары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Қауіпсіздік стандарттарын сақтау және апатқа дайын болу	Машықтар:
		1. Ұйымның өндірістік объектілерінде бағыныстысты және мердігер ұйымдар үшін салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың заңнамалық және өзге де құқықтық актілер талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру; 2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау стандарттары мен қағидалары бойынша есеп беретін бөлімшелер қызметкерлерін даярлау және олардың білімін тексеру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; 3. Персоналдың дайындығын қамтамасыз ету және өндірістік объектілерді апаттық оқиғалар мен төтенше жағдайларға материалдық қамтамасыз ету; 4. Апаттық оқиғалар мен төтенше жағдайларға персоналды дайындау және ден қою процестерін ұйымдастыруды қамтамасыз ету; 5. Апаттық оқиғаларды азайту шараларын әзірлеуді қамтамасыз ету; 6. Мердігер ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік саласындағы ұйымның нормалары мен талаптарын сақтауын қамтамасыз ету.
		Білімдер:
		1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұйымның ішкі нормативтік стандарттары; 2. Қауіпсіздік стандарттары мен өндірістік процестердің сақталуын бағалау; 3. Экологиялық нормалар мен талаптар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 3: Өндірістегі тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. Есеп беретін бөлімшелерде тәуекелдерді басқару процесіне жалпы басшылықты және үздіксіздігін сақтауды қамтамасыз ету; 2. Өндірістің ықтимал тәуекелдерін уақтылы әрі сапалы талдауды қамтамасыз ету; 3. Есеп беретін бөлімшелердің қызмет саласы шеңберінде тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруді және бағалауды қамтамасыз ету, қолда бар ресурстар мен өкілеттіктер шеңберінде тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеп, іске асыру.

		Білімдер:
		1. Тәуекел-менеджмент негіздері; 2. Тәуекелдерді басқару саласындағы ұйымның ішкі нормативтік стандарттары; 3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар мен нормалар; 4. Өзгерістерді басқару негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 4: Өндірістік процестерді ішкі бақылауды, тексерулерді және аудиттерін ұйымдастыру	Машықтар:
		1. Өндірістік процестердің ішкі нормативтік талаптары мен заңнамалық нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету; 2. Өндірістік блоктың мүдделерін білдіру және аудит, бақылаушы органдардың тексерулерін жүргізу кезінде көмек көрсету; 3. Өндіріс процестерінің тиімділігін арттыруға бағытталған аудит және тексерулер нәтижелері бойынша ұсынылған ұсынымдардың іске асырылуын қамтамасыз ету.
		Білімдер:
		1. Өндірістік операцияларға аудит жүргізу әдістері; 2. Қауіпсіздік стандарттары мен өндірістік процестер технологияларының сақталуын бағалау; 3. Есептерді, оқиғаларды және штаттан тыс жағдайларды талдау; 4. Процестердің тиімділігін бағалау; 5. Процестерді оңтайландыру әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Қосымша еңбек функциясы 1: Өндірістік қызметтің логистикалық операцияларын басқару	Дағды 1: Логистикалық функция мен ресурстарды стратегиялық басқару	Машықтар:
		1. Өндірістік міндеттерге сәйкес персоналды, процестерді және құралдарды қоса алғанда, логистикалық бөлімшелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; 2. Логистикалық қамтамасыз ету және шығындарды оңтайландыру стратегияларын әзірлеу; 3. Ұйымның интеграцияланған логистикалық моделін әзірлеуге және іске асыруға қатысу; 4. Логистикалық тәуекелдерді басқару; 5. Мердігерлік ұйымдарды басқаруды және логистикалық келісімшарттардың орындалуын бақылауды қамтамасыз ету.
		Білімдер:
		1. Стратегиялық жоспарлау негіздері; 2. Логистика объектілерін пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік негіздері; 3. Логистика және тасымалдау саласындағы ұлттық және халықаралық заңнаманың талаптары; 4. Мұнай-газ саласындағы логистикалық жеткізу тізбегі; 5. Логистиканы басқару қағидаттары; 6. Қашықтағы өндірістерге арналған логистиканың ерекшелігі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 2: Өндірістік қызметті логистикалық қолдауды ұйымдастыру және үйлестіру	Машықтар:
		1. Ұйымның өндірістік объектілерінде логистикалық операцияларды, қалдықтарды басқаруды және қойма процестерін тиімді үйлестіруді, сондай-ақ логистикалық шығындарды оңтайландыруды қамтамасыз ету; 2. Өндірістік цикл шеңберінде материалдық-техникалық жабдықтаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету; 3. Логистикалық оқиғалар мен бұзылыстарға жедел ден қоюды қамтамасыз ету және айқынсыздық жағдайында шешім қабылдау; 4. Логистикалық операциялардың барлық кезеңдерінде қауіпсіздік нормалары мен талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.
		Білімдер:
		1. Логистика объектілерін пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік негіздері; 2. Логистика және тасымалдау саласындағы ұлттық және халықаралық заңнаманың талаптары; 3. Мұнай-газ саласындағы логистикалық жеткізу тізбегі; 4. Логистиканы басқару қағидаттары; 5. Қашықтағы өндірістерге арналған логистиканың ерекшелігі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Бизнесті түсіну Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл Стратегиялық ойлау Аналитикалық ойлау Жобалық ойлау Көшбасшылық Нәтижеге бағдарлау	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары, кен орнын игеру және мұнай мен газ өндіру саласындағы мемлекетаралық стандарттар	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	7	Бас технолог
	7	Өндіріс бастығы

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

15. Мемлекеттік органның атауы:
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
Орындаушы:
Жансейіт Жанболатұлы Ердосов, +7 (717) 278 68 52, zh.yerdossov@energo.gov.kz
16. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
Жоба жетекшісі:
Ақнұр Пірмағанбетқызы Жиенбаева
E-mail: a.zhienbaeva@energo.gov.kz
Телефон нөмірі: +7 (717) 278 68 64
Орындаушылар:
Касенова Айгуль Нургалиновна, +7 (717) 278 92 10, A.Kasenova@kmg.kz
17. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 24.07.2025 ж.
18. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 31.07.2025 ж.
19. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -
20. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 1, 2025 ж.
21. Болжамды қайта қарау күні: 31.12.2028 ж.